

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым  
министрлігі  
“Көкше” университеті  
Этнопедагогика һәм этнопсихология  
лабораториясы

Халықаралық “Сейтен тағылымдары” ғылыми-  
практикалық конференциясының материалдары  
бойынша ғылыми мақалалар жинағы  
4 маусым, 2004 жыл Көкшетау қаласы, ҚР.

# Сейтен Сауытбеков тағылымының оқу-тәрбие үрдісіндегі орны

Өміртаева Р.Қ.,- Астана қаласы,  
№4 мектеп-гимназиясы

“Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат желеді” – деп, ұлы бабамыз Әбу Насыр әл – Фараби айтқан қағиданы ұстанушы, ұстаз-жазушы Сейтен Сауытбековтың тағылымы бүгінгі өскелең ұрпаққа тәләм-тәрбие берудің құралына айналып отыр.. Осындай дана сөздер қай кезеңде болмасын қасиетін жоғалтпайды.

Біріншіден, С.Сауытбеков – ұлт ұстазы. Олай дейтініміз, ол – этнопедагогика-этнопсихология негізінде ұрпақ бойына этномәдени дағдыларды қалыптастырушы. Оның адам баласының дүниеге келгенінен бүкіл саналы ғұмырына сабақ болып, ғибрат аларлықтай еңбектері – халық ағарту ісіндегі сіңген ұлан-ғайыр еңбегі соның айғағы.

Екіншіден, Сейтен Сауытбеков қазақ балалар әдебиетінің өкілі. Өйткені, оның шығармалары ХХ ғасырдың аяғында туған ұрпақтың да үрдісінен шығып, талап-тілегін қанағаттандыруы тегін емес. С.Сауытбеков еңбектерінің бала тілін дамытуға арнаған алфавиттік жаңылтпаш, омоним сөздер, метаграммалар, анаграммалар т.б. тақырыбы айқын мақал-мәтелдер, қазақтың діни әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері, ешкімге ұқсамайтын өзіндік айшығымен ерекшеленеді.

Үшіншіден, С.Сауытбеков – ата-бабадан қалған рухани-мәдени мұраларды жинақтаушы, зерттеуші ғалым. Өз еңбегінде халық ауыз әдебиеті үлгілерінің барлық саласына зер салып, жинақтап, баланың жас және психофизиологиялық ерекшеліктеріне мән бере, сұрыптай білген және қазақ баласына арнап өліппе жазған.

Төртіншіден, С.Сауытбеков – имандылық жаршысы. Себебі, ұлтымыздың болашағына сенген, үмітпен қараған, дінді тәрбие діңінің басты құралы ете білген ұлы тұлға.

Қорыта айта келсек, С.Сауытбеков тағылымының өміршеңдігі сондай, бүгінгі жаңа буын оқулықтарында орын алып, өскелең ұрпақпен қауышып отырғаны соның дәлелі. С.Сауытбеков еңбектерінің әлі де зерттелмеген қыр-сыры көп, тың дүние.

Сондықтан ұлт ұстазы С.Сауытбеков еңбектері зерттеуді қажет етеді. Болашақта С.Сауытбековтың еңбектері тұтас педагогикалық үрдістерде барлық салада басшылыққа алынатын ұстаным болатыны сөзсіз. Оған дәлел бастауыш буын ұстазы ретінде С.Сауытбековтың “Тағылым тегі”, “Өс бөбек” т.б. еңбектерін оқу-тәрбие үрдісінде кеңінен қолданамын және әріптестеріме осы мүмкіншілікті ұтымды пайдаланса демекпін.

Халық педагогикасында шәкіртті тәрбиелеп, оқыту барысында дамыту жас ерекшелігіне сай жүргізумен бірге, тәрбиеленушінің жеке бас ерекшелігін ескере отырып жүргізу назардан тыс қалған емес. Себебі; ойлау дербестігі іске асырылмаса қазіргі ғылыми – техникалық прогресс



қарқынының жылдамдығы мен білім игеру қабілеті арасында алшақтық тууы мүмкін.

Ұлттық педагогикадығы тәрбиелеу ісінде алға қойған ойлы мақсат – жас буынды дербестікке, өздігінен ойлауға баулу екенін пайымдаймыз. Жас буынды ой дербестігіне баулуда халық ауыз әдебиетін кеңінен пайдаланған жөн. Елімізге белгілі педагог-ұстаз балалар жазушысы Сейтен Лиманұлы Сауытбековтің қазақ этнопедагогикасына қосқан үлесі орасан.

“Тәғлым тегі” атты еңбегінде С.Л.Сауытбеков қазақ халқының ұлттық дәстүрі, салт-сана, әдет-ғұрпы арқылы тәлім-тәрбие беруді мақсат етеді. Яғни, ауыз әдебиетінің барлық үлгілері жас ерекшеліктеріне сай жинақталған.

Көптеген ертегі, аңыз әңгімелер, шешендік сөздер, санамақтар, қазақтың тыйым сөздері, мақал-мәтелдер бастауыш буында білім беру жүйесінде ана тілі, хрестоматияларға енгізілген.

С.Сауытбеков еңбегіне үңіле қарасақ тіл дамытуға арналған алфавиттік жаңылтпаштар, омоним сөздер, метограммалар, анаграммалар, шарадалар, логогриф, тақырыбы айқын мақал-мәтелдер қазақтың діни әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері ешкімге ұқсамайтын өзіндік ерекшелігімен айқын.

Халық педагогикасының ең негізгі қағидасы тәрбиенің біртұтастығында, яғни, жас ұрпақты “Сегіз қырлы, бір сырлы” азамат болуы үшін бар мүмкіндігін сарқып пайдаланған халқымыз тәрбиенің барлық түрін ұштастыра, ұластыра жүргізген.

Тәуелсіз еліміздің дамуы үшін мәдени-рухани мұраның жетістіктерін келешек ұрпаққа қалдырудың үлесі зор. Халықтың даналық мұрасын сақтаудың негізгі тәрбиеде. Тәрбиенің мұрагері, қоғамдағы тұлға – келешек ұрпақ. Ұрпақ қадірін жете бағалай білген қазақ халқы “Артыңда байлық қалғанша балаң қалсын” - деген қанатты сөздер қалдырған.

Ал қалған ұлттық мұра байлығын келесі ұрпаққа жеткізетін де, ісі мен мұратын жалғастыратын баладан артық байлық жоқ.